

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуғе тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 54/340 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 қазанда № 6582 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңының 8-баптарына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар айқындалсын.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес пикеттеуді өткізуғе тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары айқындалсын.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 2 /11 шешімінің (2016 жылғы 27 мамырда "Ишим-Вести" және "Есіл таңы" аудандық газеттерінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3748 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы реңми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданының мәслихаты

сессиясының төрағасы

Солтүстік Қазақстан облысы

К.Абулгазин

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

2020 жылғы 25 қыркүйегі

№ 54/340 шешіміне

1 қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған мамандандырылған орындар, олардың шекті толтырылу нормалары:

1) Явленка ауылы, Ысқақ Ибраев көшесіндегі "Болашақ" мәдениет және демалыс саябағына қарама-қарсы алан. Шекті толтыру нормасы - 150 адам;

2) Явленка ауылы, "Болашақ" мәдениет және демалыс саябағының аланы, Ысқақ Ибраев көшесінің кіреберісі. Шекті толтыру нормасы - 50 адам;

3) Явленка ауылы, Гагарин даңғылының қызылсызынан Коваленко көшесімен, Мақтай Сағдиев көшесімен "Болашақ" мәдениет және демалыс саябағының алдындағы алаңға дейін жүру бағыты. Шекті толтыру нормасы - 150 адам. Жүру маршрутының ұзындығы - 500 метр;

4) Явленка ауылы, Коваленко-Бейбітшілік көшелерінің қызылсызынан, Бейбітшілік көшесімен, Тәуелсіздік көшесімен, Мақтай Сағдиев көшесімен, Ысқақ Ибраев көшесімен "Болашақ" мәдениет және демалыс саябағының аланына дейін жүру бағыты. Шекті толтыру нормасы - 150 адам. Жүру маршрутының ұзындығы – 2 000 метр.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 09.02.2024 № 13/198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін мамандандырылған орындарды пайдалану тәртібі.

Бейбіт жиналыстар бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін мамандандырылған орындарда өткізіледі. Пикеттеуді қоспағанда, басқа жерлерде бейбіт жиналыстар өткізуге жол берілмейді.

Бейбіт жиналыстар 9 сағаттан ерте басталып, бейбіт жиналыстар өткізілетін күні әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті уақыты бойынша 20 сағаттан кешіктіріле алмайды.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған мамандандырылған орындарды қоспағанда, бір объектіде бір уақытта бір жерде екі және одан да көп пикет өткізуге жол берілмейді.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған мамандандырылған орындарды қоспағанда, пикеттің ұзақтығы бір объектінің жанында бір жерде күніне екі сағаттан аспауға тиіс.

Төтенше, әскери жағдай немесе терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген кезде олардың қолданылу кезеңінде мамандандырылған орындарда бейбіт жиналыстар өткізуге "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, "Соғыс жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тыйым салынуы немесе шектелуі мүмкін.

Бейбіт жиналыстар өткізу үшін мамандандырылған орындарды пайдаланған кезде ұйымдастырушылар мен оның қатысушылары "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-зан) 5 және 6-баптарының талаптарын сақтауы қажет.

Осы тәртіппен реттелмейтін қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 09.02.2024 № 13/198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылықты қамтамасыз етуге қойылатын талаптар.

Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер Занда және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

Жергілікті атқаруши органның келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыштар орнатуға жол берілмейді.

Қоғамдық қауіпсіздікті, медициналық, өрт сөндіру және өзге де қауіпсіздік қызметтерін қамтамасыз ету шаралары мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады.

Солтүстік Қазақстан облысы

Есіл ауданы мәслихатының

2020 жыл 25 қыркүйек

№ 54/340 шешіміне

2 қосымша

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 09.02.2024 № 13/198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының аумағында іргелес аумақтардың шекарасына 800 метрден жақын жерде пикет өткізуге жол берілмейді:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда тыйым салынады.